

М.М. Әбішева<sup>1</sup>, А.М. Барсуков<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан;  
<sup>2</sup>РФ Президенті жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік академиясы  
 қызметтер филиалының Сібір басқару институты, Ресей  
 (E-mail: m\_abisheva@mail.ru)

## Иран Ислам Республикасының Еуразиялық экономикалық одақпен ынтымақтасу мүмкіндіктері

Мақалада Еуразиялық экономикалық одағының (ЕУЭО) Иранмен ынтымақтастық мәселелері қарастырылды. ЕУЭО құрылуымен жаңа одаққа мүшелікке үміткерлер жайлы сұрақ туындады. Бүгінгі күні Молдавия ЕАЭО-ның бақылаушы мемлекеті болып табылады, Вьетнаммен Бірыңғай экономикалық кеңістік бойынша келісімге қол қойылған. ЕАЭС-ке мүше болуға Тунис, Үндістан, Түркия, Иран, Монғолия, Әзербайжан және Тәжікстан елдері ниет білдірді. Одан өзге, ынтымақтастыққа мүдделі екендігін бірқатар Оңтүстік-Шығыс елдері білдірді, Мысыр, Таиланд және Сербиямен келіссөздер жүргізілуде. Бүгінде экономикалық ынтымақтастыққа үміткер ретінде сарапшылар Иран Ислам Республикасын жеке мән беріп қарастыруда. Иран әлем бойынша газ қорынан бірінші, мұнай экспорты бойынша төртінші орынға ие екендігі белгілі. Осы тұрғыдан Тегеран ЕУЭО мемлекеттерімен одақтағы шикізатты пайдаланушы елдері үшін өте тиімді жағдай тудырып дамуға мүмкіндік алады. Экономикалық ынтымақтастықтың жандануы 2014 ж. іске қосылған Жанаозен – Гызылгая – Берекет – Этрек – Горган теміржол байланысының толыққанды жүзеге асуына ықпал етер еді. Қорытынды бөлігінде Иран мен ЕУЭО қауымдасуы екіжаққа да тиімді болатындығы жайлы сарапшылар пікірлері келтірілді.

*Кілт сөздер:* Еуразиялық интеграция, ЕАЭО, Иран, энергияресурстары, ынтымақтастық, үміткер.

2015 жылдың 1 қаңтарында Кедендік одақ пен Бірыңғай экономикалық кеңістік негізінде құрылған халықаралық интеграциялық экономикалық бірлестік Еуразиялық экономикалық одақ аз уақыт ішінде өзін әлемге танытып, өзге мемлекеттердің қызығушылығын танытып келеді. Бүгінгі әлемдегі тұрақсыздық пен трансформация жағдайында Еуразиялық интеграцияны қазіргі интеграциялық үрдістердің мысалы ретінде қарастыруға болады. Бүгінгі Еуразиялық экономикалық блок 183 млн халықты біріктіретін, жалпы ішкі өнімі шамамен 2,2 трлн АҚШ долл. құрайтын, посткеңестік кеңістіктегі әр мүшесіне тиімді жалғыз экономикалық платформа болып табылады. Бұл интеграциялық бірлестік тек қана ТМД елдерінің ғана емес, әлемнің өзге де елдерінің қызығушылығына ие. Бүгінгі күні Одаққа кіруге үміткер ретінде Тунис, Үндістан, Иран, Монғолия, Әзербайжан және Тәжікстан ынталы. Молдавия ЕАЭО бақылаушы мемлекеті болып табылады. Вьетнаммен Еркін сауда аймағы жайлы келісімге қол қойылған. Одан өзге, Оңтүстік-Шығыс Азия елдері ынтымақтастыққа қызығушылық танытып отыр, Мысыр, Таиланд және Сербия мемлекеттерімен келіссөздер жүргізілуде. Бір жыл бұрын Ресей тарапынан ЕАЭО — Қытай, Үндістан, Пәкістан мен Иранның қатысуымен «Үлкен Еуразиялық әріптестік» форматында ынтымақтастықты кеңейту туралы ұсыныс түскендігі де елеулі жайт. Қазақстан Президентінің «Еуразиялық идеясы» болашақта АСЕАН және Шанхай Ынтымақтастығы Ұйымы сияқты интеграциялық бірлестіктермен арақатынастың жаңа кезеңіне өтуі әбден мүмкін. ЕАЭО-тың ЕО-мен кооперациясы да болуы мүмкін. Жалпы, еуразиялық интеграция идеясының алғаш рет жарияланғанына ширек ғасыр болды, Нұрсұлтан Назарбаевтың модель түріндегі «Еуразиялық идеясы» уақыт өткен сайын сұранысқа ие болып, басым көпшілік тарапынан мойындалып, іс жүзінде бекіп, дамып келеді. Соның арқасында Еуразиялық экономикалық кеңес ұлттық экономиканың тұрақты дамуы мен бәсекеге қабілетін күшейту үшін барлық жағдай жасалған құрлық интеграциясының ядросы ретінде танылып келеді [1].

Қырғызстан астанасы Бішкек қаласында 2017 жылдың 15 сәуірінде Еуразия экономикалық одақтың Жоғарғы экономикалық кеңесінің мәжілісі болып өтті. 2017 ж. Одаққа Қырғызстан Төрағалық еткен болатын. Аталған отырыс қажетті мемлекет басшысы қатысқан болатын. Атап айтсақ, Одақтағы бес елдің де басшылары: РФ Президенті Владимир Путин, Беларусь — Александр Лукашенко, Қазақстан — Нұрсұлтан Назарбаев, Армения — Серж Саргсян, Қырғызстан — Алмазбек Атамбаевтармен қатар, жиынға Молдавия президенті Игорь Додон бақылаушы ретінде қатысты [2].

Еуразиялық экономикалық одақтың аталған жоғары отырысында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Еуразиялық экономикалық одақтың Иран, Қытай, Сербия және өзге де елдермен ынтымақтасу мәселесін белсенді етуге шақырды, деп хабарлады бұқаралық ақпарат құралдары. «Сауда нарығын кеңейту мен инвестицияны арттыру үшін жаңа серіктестермен жаңа сауда-экономикалық келісімшарттар дайындау керек. Иран, Қытай, Үндістан, Сингапур, Сербия, Израиль және ынта білдірген өзге де елдермен ынтымақтасу мәселесін жеделдету керек», — деді Нұрсұлтан Назарбаев Бішкекте өткен отырыста [3].

Бұған дейін де Елбасы бұл ұсыныстарын бірнеше мәрте білдірген болатын. Мәселен, 2016 ж. 31 мамырда өткен Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес отырысында мемлекет басшысы ЕАЭО-ның бірлескен нарығы Шығыс пен Батыстың, Солтүстік пен Оңтүстіктің арасындағы байланыстырушы буын болуға тиіс екендігін айта кетіп: «Осы орайда, ұйымның төрағасы ретіндегі менің ұсынысыммен, 2016 жыл «Үшінші елдермен және негізгі интеграциялық бірлестіктермен ЕАЭО-тың экономикалық қарым-қатынастарын тереңдету жылы» болып жарияланды. Өз Үндеуімде ЕАЭО-ны біз әлемдік экономикалық жүйеге үйлесімді түрде кіріккен, Еуропа мен Азия арасындағы дәнекер қызметін атқаратын ашық қоғамдастық ретінде көретінімізді атап өткен едім. Былтыр Вьетнаммен арада еркін сауда аймағын құру туралы ЕАЭО-ның алғашқы келісімшартына қол қойылды. Бүгінде ҚХР, Үндістан, Израиль, Мысыр, Иран, Камбоджа және өзге де көптеген елдермен ынтымақтасу мәселелері жөнінде жұмыс жүргізілуде. ЕАЭО-ның ЕО, ШЫҰ, АСЕАН және өзге интеграциялық бірлестіктермен де сауда-экономикалық байланыстарын жолға қою мүмкіндіктері бөлек қарастырылуда», — деді Қазақстан Президенті [4].

Қазіргі замандағы қалыптасқан жағдайда ғаламшардың маңызды саналатын Орта және Таяу Шығыс аймағында Иран Ислам Республикасы басымдық орынға ие деп бағалауға болады. Иран Үнді мұхитының Парсы және Оман шығанақтарының суымен ұласып, орта-шығыстық, кавказдық, орталық-азиялық, каспийлік ел болуымен, әскери-стратегиялық өте маңызды орынға ие. Аймақтың барлық «науқас» орындары Иранмен түйіндеседі. Сонымен қатар аймақтың этникалық немесе діни, әскери және экономикалық, босқындар мен есірткі бизнесі, лаңкестік пен жікшілдік-сепаратизм сынды аса ішкі мәселелері тек Иранның жәрдемдесуімен нәтижелі шешілуі мүмкін болмақ [5].

Иран Ислам Республикасы халықаралық және аймақтық қатынастарда маңызды рөл атқаратын Орта Шығыс аймағындағы ірі мемлекет болып табылады. Ең бірінші кезекте энергетика саласында табиғи ресурстар қорының басым бөлігіне иелік ете отырып, 2011 ж. көктемде, ел басшылығы жариялағандай, Иран жақын жылдары аймақтық орталық күшке айналуды мақсат етеді. Ирак пен Ауғанстаннан АҚШ кеткеннен кейін Иран аймақтағы экономикалық, сондай-ақ әскери-техникалық әлеует жағынан үстем мемлекет болуы әбден мүмкін. Қалай болғанда да, Иран Ислам Республикасы Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесі тарапынан Тегеранның ядролық бағдарламасына қатысты арнайы Резолюция түрінде төртінші мәрте қабылданып отырған қатаң халықаралық экономикалық санкциялар жағдайында дамып келе жатқан мемлекет. Әлемдік қауымдастық тарапынан жасалған қысым мен санкцияларға қарамастан, мәжбүрлі түрдегі оқшаулануда қала отырып, ымырасыз бағытты ұстанып, Иран мемлекеті тек қана аймақтық көшбасшы ғана емес, әлемдік қауымдастық назарын өзіне қаратып отырған әлемдік саясат орталықтарының бірі болып табылады. Исламдық Иран Республикасының ядролық отын өндіруге ұмтылысы көптеген мемлекеттерді әртүрлі елдердің экономикасының қилы салаларын қамтитын шешімдер қабылдауға ынталандырып отыр. Әлемде жыл сайын энергия қорына деген қажеттіліктің артуына орай, энергоресурстарды экспорттаушы мемлекеттердің маңыздылық дәрежесі арта түсері анық. «Tasnim» ақпараттық агенттігінің жариялаған ақпараты бойынша, «British Petroleum» ағылшын компаниясы өзінің әлемдік энергетика бойынша статистикалық шолу топтамасының 2015 ж. баяндамасында Иран әлемдік мұнайдың 3,9 пайызын иемдене отырып, мұнай қорының көлемі бойынша Венесуэла, Сауд Арабиясы, Канададан кейін төртінші орында тұр. Аталмыш компания Иранның 2015 ж. 5/192 миллиард текше метр газ өндіріп, Қатардан озып, АҚШ пен Ресейден кейін әлем бойынша газ өндіруден үшінші орынды иемденгендігін жариялаған болатын [6].

Демек, энергоресурстар нарығында Иран негізгі ойыншылардың бірі екені анық. Бүгінгі күні елдің саяси ықпалы мен энергетика қорының болуы тығыз арақатынаста. Сондықтан да Иранның қазіргі әлемдік саяси үрдістерге зор ықпалы шынайы көрсетілмейді және Иран елі көпполярлы әлем орталықтарының бірі екені анық [7].

Бүгінгі күні экономикалық серіктестікке үміткер ретінде сарапшылар Иранды шындап қарастыруда. Иран, аталып өткендей, әлемдік деңгейде газ қоры бойынша үшінші орынды және

мұнайды экспортқа шығару бойынша төртінші орынға ие. Осы тұрғыдан Тегеран Еуразиялық Одақ елдерімен осы одақ шеңберінде шикізатты пайдаланушы елдер үшін өте тиімді шарттарды орнату бағытында дамуы мүмкін, бұның өзі қарқынды дамуға мүмкіндік тудырады. Қарқынды даму, өмір сүру деңгейі де көтеріледі дегенді білдіреді, ал бұл, өз кезегінде, сыртқы мәселелерді шешуде халықпаралық ықпалға да әсер етеді дегенді білдіреді.

Алайда Иранның ислам әлеміндегі орны мен географиялық жағдайын ескерер болсақ, бұндай қадам бірқатар елдерде, әсіресе АҚШ пен Израиль тарапынан алаңдаушылық тудыруда. Бұл елдер Еуразиялық кеңістіктің Иран есебінен кеңеюіне барынша тосқауыл қоюда.

Иранның жаңа экономикалық бірлестіктегі мүмкіндіктерін Тегеран жоғары бағалайды. Иранның бұрынғы сыртқы істер министрі Әли Акбар Салехи (2010–2013 жж.) аймақ үшін Еуразиялық ынтымақтастық пен оның маңызына тоқтала келе, «еуразияшылдық ісінің дамуы мен кеңеюі жолында Иранның берері мол» деген болатын. Саясаткер Иран тек қана ашылған жаңа нарық есігі қуанышын ғана емес, бірлестіктің қалыптасуындағы бастапқы және одан кейінгі уақыттағы ұйымдастыру-қаржылық қиыншылықтарын да көтеруге әзір, Еуразия экономикалық кеңесінің табиғи екінші полюсы болуға дайын деген пікірді де білдірді.

Осылай Иран өзінің ұстанымын жариялай отырып, ЕАЭО-ға қосылуға мүдделі екендігін білдірген болатын. Ресми Тегеран тарапынан Еуразиялық одақ әлеуетті стратегиялық әріптес қана емес, сонымен қатар Ислам Республикасының халықаралық қауымдастыққа толыққанды интеграциясының көңілі қалайтын геосаяси формасы ретінде қарастырылады. Бүгінгі күні көпполярлы әлем құруға мүдделі, сондықтан бұл бағыттағы бастамаларға қолдау көрсетілетін болады.

Бүгінгі Иранды зерттеу орталығының директоры Раджаб Сафаровтың пікірі бойынша, «Владимир Путин мен Нұрсұлтан Назарбаевтың интеграциялық идеяларының дамуына аймақтағы елдердің келіспеушілігі емес, көбіне олардың өздерінің батысшыл элитасы кедергі келтіріп отыр» деген пікірді білдіеді. Қалай болғанда да, жоба күннен күнге күшейіп, Одаққа кіретін елдер ішінде бұл бастаманы жақтаушылар саны көбеюде. Иранның халықаралық қауымдастыққа мүше бірқатар мемлекеттерімен сауда-саяси қатынастарға толыққанды интеграциясы «ядролық мифологияның» аяқталуына мүмкіндік тудырып, Ислам Республикасы төңірегіндегі өршіген шиеленісті азайтуы сөзсіз. Бұл Ауғанстаннан америкалық әскердің шығарылғаннан кейін туған Орталық Азияда соғыс қаупі уақытында өзекті саналады [8].

Экономикалық перспектикаларға тоқталар болсақ, Иранның жалпы ашық жүйедегі көлік-логистикалық дәлізге енуі Таулы Карабах пен Арменияның Еуразиялық экономикалық одақ ішіндегі толыққанды экономикалық айналымға қатысу проблемасын шешеді. Бұл, өз кезегінде, ирандық порттар мен байланыс жолдарының тауар транзиті үшін қолдануға және толыққанды инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға жол ашады. Болашақта көлік дәлізінің жаңа мүмкіндіктерін бүгінде ауылды жерлерін дамытуға және аграрлық секторын қалпына келтіруге мұқтаж Грузия да қолдана алатын болады. Одан өзге, Иранмен бірге, біртұтас экономикалық стратегия шеңберінде әрекет ететін Ресей мен Қазақстан да Каспий теңізінде ірі инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді, бұл бұрыннан келе жатқан қажеттілік екенін атап өткен абзал.

Еуразиялық интеграциялық одаққа Иранның қатысуы орасан зор энергия қорына дұрыс иелік етуге жағдай туғызады, аймақтағы көптеген қатысушы елдердің жаңа деңгейде дамуына көтеріп, сонымен қатар бүгінде төмен деңгейде өмір сүріп жатқан аудандардың инфрақұрылымын дамытуда жаңа мүлдем өзге тәсіл қалыптасар еді. Демек, Иранның ЕАЭО-қа қосылуы жаңа бірлестіктің келешегін түбегейлі өзгертіп, оны жақын жылдардағы ең танымал және маңызды бірлестік қылары даусыз [8].

Қазақстан үшін Иран үш мың жылдық көне тарихы бар, мәдени, рухани тамырлас ел болып саналады, Иран Каспий тарапынан көрші, экономика, білім-ғылым саласында айтарлықтар қарым-қатынастар орнаған. Сыртқы саясатта да Қазақстан мен Иран Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі Кеңес, Ислам ынтымақтастық ұйымы, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы, Экономикалық ынтымақтастық ұйымы сынды бірқатар халықаралық және аймақтық ұйымдарда саяси ықпалдастықты нығайтып келеді. Екі ел ширек ғасырлық дипломатиялық қатынастарға ие, сонымен қатар Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының 2014–2020 жж. арналған концепциясының 10-тарауына қатысты «Елдік және аймақтық басымдықтар» деген бөлімде: Иран Ислам Республикасымен өзара тиімді серіктестік сауда-экономикалық, транзиттік-көліктік салалардағы, Каспий теңізіндегі тұрақтылықты сақтау сынды жалпы мүдделерге негізделетін болады делінген [9].

ҚР Сыртқы істер министрлігінің мәліметі бойынша, екіжақты сауда-экономикалық байланыстарының дамуына «Солтүстік-Оңтүстік» деп аталатын халықаралық көлік дәлізінің бір бөлігі болып табылатын «Жаңаөзен (Қазақстан) – Қызылқия – Берекет – Этрек (Түркіменстан) – Горган (Иран)» бағытында теміржол тармағын қолдану айтарлықтай мүмкіндік туғызады.

Иран тарапы қазақстандық ауылшаруашылығы өнімдері үшін үлкен маңызға ие. Иран тауарлары Министрлік сайтындағы ең соңғы ақпарат бойынша, 2015 ж. Қазақстан астығының Иранға экспорты 758,2 мың т құрады, оның ішінде бидай — 186,6 мың т, арпа — 571,2 мың т құрады [10].

Одан өзге Иран Қазақстанмен көптеген жобалар бойынша бірлесіп жұмыс істейді. 2016 ж. 11 сәуірде Нұрсұлтан Назарбаевтың Тегеранға сапарында мемлекеттік және жеке сектор өкілдері арасында 2 млрд долл. құрайтын 66 келісімге, сонымен қатар жеке компаниялар арасында 30 өзара түсіністік меморандумына қол қойылылды.

ИИР мен ҚР Каспий теңізіндегі қазақстандық Ақтау порты мен ирандық Энзели порты арқылы сауданың жандануына ықпал ететін жүк тасымалдау мақсатында бірлескен кеме жүзетін компания құру жайлы келісімге қол қойды. Иран кедендік статистикасының мәліметі бойынша, екі ел арасындағы сауда айналымы 2015 ж. 650 млн долл. құраса, оның 570 млн сомасын Қазақстан экспорты құрайды [11].

Армения Еуразиялық экономикалық одақтың мүшесі бола тұра, Иран Ислам Республикасымен және Одақтың мүшелерімен еркін сауда аймағы жайлы келісімге келуге ұсыныс жасаған болатын. Бұл орынды да, себебі Армения Иранмен шекарасы бір және экономикалық тығыз байланысы бар ЕАЭО-дағы жалғыз ел болып табылады. Сонымен қатар Иран, Әзербайжан, Түркия сынды дұшпан мемлекеттермен қоршалған Армения үшін Парсы шығанағы арқылы сыртқы нарықтарға шығу үшін стратегиялық маңызды дәліз саналады. Иранның Кедендік одаққа енгізілуі Армения үшін салық шығынын айтарлықтай азайтып қосымша бюрократиялық қиындықтардан құтылуға мүмкіндік береді.

Иран ядролық келісімге келген соң тек мұнай-химиялық ғана емес, өндірістік өнімдер үшін де жаңа нарық іздеуде. Негізі Армения Иран үшін кішкентай нарық саналады (тауар айналымы 300 млн долл. құрайды), бірақ ол ЕАЭО және Кедендік одақ мүшесі ретінде және географиялық орналасуы бойынша Иран мен Одақ елдері үшін көпір болатындай тиімді мүмкіндіктерге ие. Иран мен Армения арасында визалық режимнің жойылуы екіжақты байланысты жеңілдеті түсері сөзсіз. Иранның Армениядағы Елшісі Сейед Казем Саджаи жақын қатынастарды ескере отырып, Иран Армения тарапынан ЕАЭО нарығына енуде қолдау көрсетеді деп үміттенеді.

АҚШ мен ЕО Ресейге қарсы қабылданған санкциялары және өткен жылы қараша айында ресейлік бомбалықшыны атып түсіру оқиғасына кейін Түркиямен қарым-қатынастың нашарлауынан кейін, Иран мен Ресей сауда байланыстарының кеңеюіне себеп болды. Ресей нарығындағы бірқатар түріктік ауыл шаруашылық тауарларын Иран тауарлары алмастырды. Санкцияның алынуынан кейін Иранға батыс нарықтың ашылуына қарамастан, ауқымды ынтымақтастық үшін кедергілер әлі де бар, себебі Ислам Республикасына Батысқа деген сенімсіздік сақталған. Ресей болса, Иранмен серіктестікті санкция салынған уақытта да энергетика, ауыл шаруашылығы, өндірістік, әскери-техникалық және өзге де әртүрлі салалар бойынша үзбеген болатын. Жыл сайын Иран мен Ресей арасындағы тауар айналымы өсіп келеді. Қазіргі уақытта Иран мен Ресей арасындағы туристерге визасыз тәртіп қабылдау мүмкіндіктері қарастырылуда, бұл өз кезегінде барлық келем деушілерге визаны жоюға негіз болады.

Беларуске келер болсақ, ирандық-беларус экономикалық байланыстар айтарықтай қомақты емес. Беларусь кеңес заманынан машинақұрастыру дәстүріне, сонымен қатар маңызды орнықты инфоқұрылымға ие. Әсіресе онда шығарылатын ауылшаруашылығы техникасы, әскери өнеркәсіптік кешен өнімдері Иранда үлкен сұранысқа ие. Беларусь тауарлардан Иранға кен шығаруға арналған (карьерлік) техника, ауыр жүктасымалдайтын техника, әртүрлі талшықтар, аралайтын кесетін материалдар, қағаз, тыңайтқыш өнімдер, автобус, минибус және өзге де көптеген тауарлар енгізіледі. Беларусстар болса, Ираннан жеміс, кептірілген жеміс, өзге де азық-түлік тауарларын, медициналық құрылғылар, теңіз өнімдері, құрылыс материалдарын сатып ала алады. Екі ел арасындағы соңғы жылдардағы тауар айналымы 100 млн долл. аспайды.

Иран сондай-ақ Қырғызстанмен де сауда-экономикалық байланыстарын дамытуда. Жыл сайынғы тауарайналым шамамен 200 млн долл. құрайды.

Қорытындылай келе, Иран сынды алпауыт экономикалы ел ЕАЭО үшін салмақты да маңызды мүше болмақ, өз кезегінде, аларынан берері көп Иран мемлекеті де Еуразиялық экономикалық одақтың дамуына ықпалын тигізетіні сөзсіз.

## Әдебиеттер тізімі

- 1 Нурсултан Назарбаев: от идеи Евразийского союза к перспективам интеграции «Большой Евразии» [Электронный ресурс]. — 2017. — Режим доступа: <http://www.kisi.kz/ru/categories/aktual-nye-kommentarii/posts/%E2%80%8B%8Bnursultan-nazarbaev-ot-idei-evrazijskogo-soyuza-k-perspe2017> год.
- 2 Саммит ЕАЭС в Бишкеке: о чем говорили семь президентов. РИА Новости [Электронный ресурс]. — 15.04.2017. — Режим доступа: <https://ria.ru/analytics/20170415/1492319201.html>.
- 3 Назарбаев ЕАЭО-ның Иранмен, ҚХР-мен және Үндістанмен әріптестігін белсенді етуге шақырды [Электронный ресурс]. — 14.04.2017. — Режим доступа: [https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/nazarbaev-eaео-nyin-iranmen-khr-men-jane-undstanmen-279315/](https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan_news/nazarbaev-eaео-nyin-iranmen-khr-men-jane-undstanmen-279315/).
- 4 Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес отырысы. [Электронный ресурс]. — 31.05.2016. — Режим доступа: [http://www.akorda.kz/kz/events/akorda\\_news/zhogary-euraziyaluk-ekonomikaluk-kenes-otutysy](http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/zhogary-euraziyaluk-ekonomikaluk-kenes-otutysy).
- 5 Региональная политика Исламской Республики Иран [Электронный ресурс]. — 2013. — Режим доступа: <http://csef.ru/ru/politica-i-geopolitica/484/regionalnaya-politika-islamskoj-respubliki-iran-4203>.
- 6 Иранские запасы нефти и газа занимают четвертое и первое места в мире [Электронный ресурс]. — 2016. — Режим доступа: <http://parstoday.com/ru/news/iran-i29965>.
- 7 Денильханов И. Иран в мировой политике на рубеже XX–XXI вв. [Электронный ресурс] / И. Денильханов. — 2017. — Режим доступа: <http://www.rumvi.com/products/ebook/иран-в-мировой-политике-на-рубеже-xx-xxi-вв>.
- 8 Чмеленко Ю. О перспективах присоединения Ирана к Евразийскому экономическому союзу [Электронный ресурс] / Ю. Чмеленко. — 2016. — Режим доступа: <http://fondres.ru/index.php/412-o-perspektivakh-prisoedineniya-irana-k-evrazijskomu-ekonomicheskomu-soyuzu>.
- 9 Концепция внешней политики РК на 2014–2020 гг. Утверждена Указом Президента Республики Казахстан от 21 января 2014 года № 741 [Электронный ресурс]. — 2014. — Режим доступа: <http://mfa.gov.kz/ru/content-view/kontsepsiya-vneshnoj-politiki-rk-na-2014-2020-gg>.
- 10 Сотрудничество Республики Казахстан с Исламской Республикой Иран [Электронный ресурс]. — 2015. — Режим доступа: <http://mfa.gov.kz/ru/content-view/sotrudnichestvo-respubliki-kazakhstan-s-islamskoj-respublikoj-iran>.
- 11 Иран — Евразийский союз: перспективы интеграции [Электронный ресурс]. — 08.10.2016. — Режим доступа: <https://www.fondsk.ru/news/2016/10/08/iran-evrazijskij-sojuz-perspektivy-integracii-42777.html>.

М.М. Абишева, А.М. Барсуков

### **Возможности сотрудничества Исламской Республики Иран с Евразийским экономическим союзом**

В статье рассмотрены перспективы сотрудничества Евразийского экономического союза с Ираном. С образованием ЕАЭС актуальным стал вопрос о потенциальных странах-участницах созданного союза. На сегодняшний день Молдавия является государством-наблюдателем ЕАЭС, подписано соглашение о Зоне свободной торговли с Вьетнамом. В качестве кандидатов на вступление в Евразийский экономический союз выступают Тунис, Индия, Турция, Иран, Монголия, Азербайджан и Таджикистан. Кроме того, выражают свою заинтересованность в сотрудничестве страны Юго-Восточной Азии, на стадии переговоров – Египет, Таиланд и Сербия. Одним из кандидатов в экономическое содружество сегодня эксперты всерьез рассматривают Исламскую Республику Иран. Так, известно, что Иран занимает первое место по запасам газа в мире и является четвертым в мире экспортером нефти. В этой связи Тегеран со странами ЕАЭС фактически может развиваться в направлении создания выгоднейших условий для стран потребителей сырья в этом союзе. Активизации экономического сотрудничества должно способствовать полноценное начало работы запущенного в 2014 году железнодорожного сообщения по маршруту Жанаозен – Гызылгая – Берекет – Этрек – Горган. В заключение приводятся выводы аналитиков, что данная кооперация Ирана с ЕАЭС будет взаимовыгодной.

*Ключевые слова:* Евразийская интеграция, ЕАЭС, Иран, энергоресурсы, сотрудничество, кандидат.

M.M. Abisheva, A.M. Barsukov

### **Cooperation opportunities of the Islamic Republic Iran with European economic union**

The article examines the prospects for cooperation between the Eurasian economic Union and Iran. With the formation of the EEC, the question of potential member countries became an actual for the created union. Nowadays Moldova is a state-observer of the EEC, it was signed an agreement on Free Trade Zone with Vietnam. As candidates for joining in the Eurasian Economic Union they consider to be Tunisia, India, Turkey, Iran, Mongolia, Azerbaijan and Tajikistan. Moreover, South-East Asian countries express their

interest in cooperation with the EEC, Egypt, Thailand and Serbia is at the stage of negotiation. Today experts seriously consider the Islamic Republic of Iran as one of the candidates to economic community. So, it is known that Iran takes the first place in the world with its largest gas reserves and it is the fourth world exporter of oil. In this regard, Tehran is able to develop with countries of the EEC in direction of creating the most favorable conditions for consumer countries of raw materials in this union. The intensification of economic cooperation should contribute a full start of work launched in 2014, the railway communication on the route Zhanaozen – Gyzylgaya – Bereket – Etrek - Gorgan. The conclusion includes inference of analysis that this cooperation between Iran and the EEC will be mutually beneficial.

*Keywords:* Eurasian integration, EEC, Iran, power resources, cooperation, candidate.

## References

- 1 Nursultan Nazarbayev: ot ideii Evraziiskoho soiuza k perspektivam intehrazii «Bolshoi Evrazii» (2017) [Nursultan Nazarbayev: from the idea of the Eurasian Union to the prospects of integration of the «Great Eurasia»]. *kisi.kz*. Retrieved from <http://www.kisi.kz/ru/categories/aktual-nye-kommentarii/posts/%E2%80%8Bnursultan-nazarbaev-ot-idei-evrazijskogo-soyuza-k-perspe2017> [in Russian].
- 2 Sammit EAEC v Bishkeke: o chem hovorili sem prezidentov. RIA Novosti (2017) [The EAEC summit in Bishkek: what the seven presidents talked about. RIA News]. *ria.ru*. Retrieved from <http://ria.ru/analytics/20170415/1492319201.html> [in Russian].
- 3 Nazarbayev EAEO-nyn Iranmen, KKhR-men zhane Undistanmen ariptestihin belsendi etuhe shakyrdy (2017) [Nazarbayev urged the EAEC to actively partner with Iran, China and India]. *kaz.tengrinews.kz*. Retrieved from [https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/nazarbaev-eaen-nyin-iranmen-khr-men-jane-undistanmen-279315/](https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan_news/nazarbaev-eaen-nyin-iranmen-khr-men-jane-undistanmen-279315/) [in Kazakh].
- 4 Zhohary Euraziialyk ekonomikalyk kenes otyrysty (2016) [Meeting of the Supreme Council of the Eurasian Economic Union]. *akorda.kz*. Retrieved from [http://www.akorda.kz/kz/events/akorda\\_news/zhogary-evraziyalyk-ekonomikalyk-kenes-otyrysty](http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/zhogary-evraziyalyk-ekonomikalyk-kenes-otyrysty) [in Kazakh].
- 5 Regionalnaia politika Islamskoi Respubliki Iran (2013) [Regional policy of the Islamic Republic Iran]. *csef.ru*. Retrieved from <http://csef.ru/ru/politica-i-geopolitica/484/regionalnaya-politika-islamskoj-respubliki-iran-4203> [in Russian].
- 6 Iranskiye zapasy nefi i haza zanimaiut chetvertoe i pervoe mesta v mire (2017) [Iranian oil and gas reserves occupy the fourth and first place in the world]. *parstoday.com*. Retrieved from <http://parstoday.com/ru/news/iran-i29965> [in Russian].
- 7 Denilkanov, I. (2017). Iran v mirovoi politike na rubezhe XX–XXI vv. [Denilkanov Ismail. Iran in world politics at the turn of the 20th-21st centuries]. *rumvi.com*. Retrieved from <http://www.rumvi.com/products/ebook/иран-в-мировой-политике-на-рубеже-xx-xxi-вв> [in Kazakh].
- 8 Chmelenko, Yu. (2016). O perspektivakh prisoedineniia Irana k Evraziiskomu ekonomicheskomu soiuzu [Chmelenko Julia. On the prospects of Iran's Accession to the Eurasian Economic Union]. *fondres.ru*. Retrieved from <http://fondres.ru/index.php/412-o-perspektivakh-prisoedineniia-irana-k-evraziiskomu-ekonomicheskomu-soyuzu> [in Russian].
- 9 Kontseptsiiia vneshnei politiki RK na 2010–2014 hh. Utverzhdena Ukazom Prezidenta Respubliki Kazakhstan ot 21 yanvaria 2014 hoda № 741 (2014) [The concept of foreign policy of the Republic of Kazakhstan for 2014–2020. Approved by the Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated January 21, 2014 No. 741]. *mfa.gov.kz*. Retrieved from <http://mfa.gov.kz/ru/content-view/kontseptsiya-vneshnoj-politiki-rk-na-2014-2020-gg> [in Kazakhstan].
- 10 Sotrudnichestvo Respubliki Kazakhstan s Islamskoi Respublikoi Iran (2015) [Cooperation of the Republic of Kazakhstan with the Islamic Republic of Iran]. *mfa.gov.kz*. Retrieved from <http://mfa.gov.kz/ru/content-view/sotrudnichestvo-respubliki-kazakhstan-s-islamskoj-respublikoi-iran>.
- 11 Iran — Evraziiskii soiuz: perspektivy intehrazii (2016) [Iran — the Eurasian Union: the prospects for integration]. *fondsk.ru*. Retrieved from <https://www.fondsk.ru/news/2016/10/08/iran-evrazijskij-sojuz-perspektivy-integracii-42777.html> [in Russian].